



Акция! Акция!

Акция! Акция!

АЛАШТЫҢ САРҚЫТЫ ЕДІ – ӘШІРБЕГІМ

Серік ТҮРФЫНБЕКҰЛЫ, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты



(Қайтыс болған күні тұған жыыр)

Басқадан

Бұрын сезіп –

Ғасыр демін.

Ақтарып қеудесінен

Асыл кенін.

Сакталған

Сары алтындей

Сандығында –

Алаштың сарқыты еді –

Әшірбегім.

Қалайша тоқтап қалды бұл жүрегін,

Думанды тойда отырсаң –

Дүлдүл едің.

Сезетін татып қалсаң дәмін бірден,

Театр тарихының білгірі едің.

Сөздерің – айбалтадай,

Батыл айтып,

Көздерін талайлардың бақырайтып.

Шындықтың безбенінде тұрған сэтте,

Көрмеген ешқашанда беті қайтып.

Биікте желбіремей туым бұғін,

Жанымды қуырдақтай қуырды мұн.

Қазақтың театрының

Иығынан –

Сыпрылып,

Сусып түсті туырлығы.

Жасынан туда бітті –

Абыз едің,

Кешегі арыстардың нақ ізі едің.

Дендерген дерпті болса театрдың,

Жаңғақтай қолыңа ұстап шағып едің.

Осылай ардақ тұтып,

Алаш атын,

Байқалып тұрушы еді –

Парасатың.

Мәселе әділдікке тірелгенде,

Өзінмен адам жоқ-ты таласатын.

Ондайда тұспеуші еді алдыңа ешкім.

Басыңнан алуан-алуан халді кештің.

Еліңнің ақиқатын айттар кезде,

Басында тұрушы едің – мәңгі көштің.

Тез танып,

Терең менен тайызыңды,

Қалдырдың заманыңа сай ізінді.

Мен кейде айта алмаған сөзім болса,

Сен айтып қандырушы ең айызымды.

Қашанда

Көкірегің – өлең-дастан.

Көрсетпей кемдігінді кемел жастан.

Көз көрген замандастар қатарында

Шешенді көрген жоқпын сенен асқан.

Сыннатаң –

Айдың жүзін,

Гүлдің атын

Кеудене қондырушы ең,

Күн қуатын.

Биіндей

Баяғының отырушы ең,

Бар дауды жалғыз сөзбен тындыратын.

Білмеймін қалай болдың басқаменен,

Көңілің маған деген аспан-әлем.

Бұлбұлдай көз алдынан ұшып кетті,

Бір ауыз сөзім саған

«Әшке!» деген.

Отсе де,

Бұл дүниеден неше дана,

Жай табар жүрек «жаным» десе ғана.

Ғайыптан қайда көшіп кете бардың,

Менімен сөйлесіп ең,

Кеше ғана.

Өмірдің өзінде еді еркін бағы,

Әкетіп бара жатқан дертің кәні...

«Ғаламат ақыны, – деп, – бұл қазақтың»,

Ғажайып сөз қалдырдың мен туралы.

Атақ жоқ,

Маған енді одан асқан,

Жолыма қанат бердің қадам басқан.

Әспеттеп сенің қайран ғұмырынды,

Жазсам да артық емес,

Ода-дастан!